



ДЕМОГРАФИЯ – ДАМУДЫҢ ДІНГЕГІ

6-БЕТ | САРАПТАМА



ТӨСБЕЛГІ ТАҒУДАН ҰЯЛАТЫН БОЛДЫҚ...

7-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ҰҚШҰ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӘДІС-ТӘСІЛІ МЕН СТРАТЕГИЯСЫН ЖОЛҒА ҚОЯ ОТЫРЫП, ЗАМАНАУИ ҚАУІП-ҚАТЕР МЕН СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРДІ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЕСКЕРУГЕ ТИСПІЗ. СОНЫМЕН ҚАТАР ҰҚШҰ-ҒА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЕР ТӨНІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН, ЕГЕР ОНДАЙ ҚАУІП БОЛСА ДА, ОНЫ ҮНЕМІ АЙТА БЕРУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ, ҚАУІП-ҚАТЕР ӘРДАЙЫМ БОЛҒАН. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ БОЛМЫСЫ ОСЫНДАЙ. БҰЛ ТАҚЫРЫПТЫ ҚАЙТА-ҚАЙТА КӨТЕРУ, БІЗДІ ӘЛДЕКІМНЕН ҚОРҚАТЫНДАЙ КӨРІНІС ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ.

№140
(4573)
Сенбі
25 қараша
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОРТАША ЖАЛАҚЫ – 350 МЫҢ ТЕҢГЕ

Елімізде орташа жалақы 350 мың теңгеден асты. Былтыр осы уақытта 299 мың теңге болған.

Бүгінгі күнде ең жоғарғы жалақы – Атырау облысында. Бұл өңірдің тұрғындары орта есеппен 602 мың теңге табыс табады. Екінші орында – Маңғыстау облысы, бұл өңірдегі орташа жалақы – 519 мың теңге. Ұлытау облысында орташа жалақы 471 мың теңге болып отыр. Ал ең төменгі табыс – Түркістан облысында.

Табысы жоғары жұмысшылар бүгінде тау-кен және өндіріс, қаржы және сақтандыру қорлары мен кәсіби, ғылыми-техника салаларында қызмет ететіні айтылады.

АВТОБУС САНЫ АРТАДЫ

Астана қаласындағы қоғамдық көлік қозғалысының жұмысын үйлестіретін City Transportation Systems компаниясы елордада кейбір бағдарлар бойынша жұмыс күндері жүретін автобус саны көбейтілгенін хабарлады.

Атап айтқанда, енді № 22 бағытқа 3 автобус қосылып, барлығы 12 автобус жүреді. Сондай-ақ №35 бағдарға 2 автобус қосылып, жолаушыларды тасымалдауға барлығы 15 автобус шығады. №71 бағдар да 2 автобусқа толығып, 18 автобус қызмет көрсететін болады.



АЛҒАШҚЫ ҚАР ҚАРБАЛАСЫ

Астанаға қылышын сүйретіп қыс келді. Иә, дала қарға оранып, қыстың сәні кірді. Әдеттегідей елордалық коммуналдық қызмет күшейтілген режимде жұмысқа кірісті. Қар түскен сәттен елорданың бес ауданының аумағын қардан тазалауға 2000-нан астам арнайы техника мен 2000-ға жуық жұмысшы жұмылдырылды. Бірінші кезекте орталық көшелер, аялдамалар мен тротуарларды тазалап, арнайы жабдықталған полигондарға қарды шығарады. Ауа райының қолайсыздығына байланысты Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарына сақтық ережесін сақтауды сұрайды.

БЕС ЕМХАНА САЛЫНАДЫ

Алдағы жылдарда жеке инвестиция есебінен елордада 5 емхана салынады. Соның екеуінің құрылысы биыл аяқталды.

Ол – Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі бір ауысымда 500 адам қабылдайтын амбулаторлық кешен мен Қабанбай батыр даңғылындағы 250 науқасқа арналған медициналық орталық.

Құзырлы қалалық басқарма таратқан мәлімет бойынша, алдағы уақытта «Тельман» тұрғын ала-

бында бір ауысымда 500 адам қабылдайтын амбулаторлық кешен салынады. Сондай-ақ «Пригородный» тұрғын алабында бір ауысымда 150 адам қабылдайтын амбулаторлық кешен бой көтереді. Дәл осындай нысан «Интернациональный» тұрғын алабында да салынып, пайдалануға беріледі.



ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ

Парламент Сенатында өткен брифингте Үкімет басшысы Әлихан Смайылов шетелдіктерге жер беріле ме деген сауалға жауап берді.

«Жер туралы кодексте шетелдіктерге немесе шетелдік компанияларға және шетелдіктердің қатысы бар Қазақстанда құрылған компанияларға ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланатын жерді меншікке беруге немесе пайдалануға тыйым салынған. Ондай құқық тек Қазақстан азаматтарына ғана беріледі. Сондықтан да шетелдіктерге жер беру жөніндегі мәселе қарастырылып жатқан жоқ, тіпті қаралмайды да. Бұл – біздің берік ұстаным. Осы мәселеге қатысты Мемлекет басшысы да нық байламын айтты» деді Үкімет басшысы.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 503.64 \$ USD/KZT 461.17 ₸ RUB/KZT 5.23 ¥ CNY/KZT 64.59

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№140 (4573) 25/11/2023 Сенбі

Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында қала әкімі Жеңіс Қасымбек елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есеп берді. Соның ішінде инфрақұрылым, қоғамдық көлік, білім беру, абаттандыру, көгалдандыру, шағын және орта бизнесті қолдау, жастарды жұмысқа орналастыру бағыттарындағы маңызды жұмыстармен таныстырып, депутаттармен қаланы дамыту мәселелерін талқылады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Астанада халық санының жылдан жылға артуына байланысты мектептерді салу аса маңызды мәселе болып отыр. Қала басшысы 2027 жылға дейін елордада 200 мыңға жуық оқушыға арналған 80 мектеп салу жоспарланып отырғанын атап өтті. Бұл жұмыс мектептерге шамадан тыс түсетін жүктемені азайтып қана қоймай, болашақта орын тапшылығы мәселесін толықтай шешеді. Орта білім беру орындары қаланың барлық ауданында, соның ішінде елді мекендерде де салынады. Бас қаладағы бірте-бірте шешімін тауып жатқан тағы бір маңызды мәселе

БАС ҚАЛА ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУ ҮСТІНДЕ



– көлік кептелісі. Өткен жылы Ұлы Дала даңғылының бойындағы жаңа көпір ашылып, А62 көшесінің бойында, А91 көшесінен Астана – Қарағанды тас жолына дейінгі учаскеде жол салынды. Бұл бірнеше көшедегі көлік қозғалысындағы жүктемені азайтты. Ал жақында ғана Тәуелсіздік даңғылының бойындағы көпірдің құрылысы аяқталып, жол ашылды. Бұл төрт жолақты автокөлік көпірі жолдардағы кептелісті едәуір азайтып, сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, «Нұрлы жол» вокзалымен, Қошқарбаев даңғылымен, Нәжімеденов көшесімен, Өзирет Сұлтан мешітімен,



Байтұрсынұлы, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Момышұлы даңғылымен қосып, қосымша көлік байланысын қамтамасыз етті. Ал келесі жылы Тәуелсіздік даңғылының Қабанбай батыр даңғылына дейінгі жалғасын салу басталады. Бұл жұмыс қаланың жаңа бөлігіндегі Мәңгілік ел және Қабанбай батыр даңғылдарында, Түркістан, Керей-Жәнібек хандар және Айтматов көшелерінде көлік ағынын сейілтеді. Сондай-ақ 2024 жылы Кенесары көшесінің басында «Газмашаппаратура» ауданында жаңа көпір құрылысын бастау жоспарланған. Қазір жобалау жұмысы жүріп жатыр.

Елордада ең өзекті мәселе – тұрғындарды баспанамен қамту. Бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік тұрғын үй құрылысы, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерден халықты көшіру, құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үй кешендерінің құрылысын аяқтау сияқты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қала әкімі өз сөзінде кезекте тұрғандардың әртүрлі санаттарындағы 1,4 мың отбасыға тұрғын үй берілгенін атап өтті.

Жеңіс Қасымбек Астанада көгалдандырылған орындар көбейетінін айтты. Биыл коммуналдық қызметтердің, ағаш отырғызуға және экоакцияларға белсенді қатысқан тұрғындардың еңбегінің арқасында қалада 45 «жасыл мекен» пайда болғанын жеткізді. Жалпы 1 млн астам жасыл желек отырғызылып, 165 қоғамдық кеңістік пен аула абаттандырылды, Президенттік саябақ қайта жаңартылды.

Елордада 230 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектісі бар екенін айтқан Жеңіс Қасымбек бұл салада жарты миллион адам жұмыс істейтінін атап өтті. Шағын және орта бизнеске жүйелі қолдау көрсетіліп, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы және индустриялық парк аумағында әртүрлі бағдарламалар бойынша преференциялар, гранттар мен кредиттер беріліп жатқанын, қажетті инфрақұрылым құру жұмысы жүргізілуде екенін жеткізді.

Тұрғындарды жұмыспен қамту жайына тоқталған қала басшысы «JOLTA» бағдарламасы бойынша 3,5 мыңнан астам азамат жұмысқа орналастырылғанын атап өтті.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде екі рет кеңес өткізіп, елордалықтарға қолайлы жағдай қалыптастыруда көгалдандыру және абаттандыру жұмысын жандандыруды тапсырды.

АБАТТАНДЫРУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Жыл басынан қоғамдық кеңістіктер мен променад орындар жөнделіп, қала тұрғындары бос уақытын өткізетін ыңғайлы орындарға айналды. Бұл туралы шаһар басшысы Жеңіс Қасымбек айтты.

– Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру маусымы аяқталды. Биыл ауқымды жұмыс жүргізілді. Бас-аяғы 165 қоғамдық кеңістік (саябақтар, гүлзарлар, жележолдар) және аула кеңістігі абаттандырылды. Сонымен қатар, бұрын көпшілік тұрғын үй кешендерінің құрылысы қарастырылған 9 орынға гүлзарлар мен қоғамдық кеңістіктер салынатын болады. Мәселен, Айтматов – Сығанақ көшесінің қиылысындағы учаскеде 12 қабатты көпфункционалды кешеннің орнына гүлзар салынды. Р.Бағланова көшесі мен Туран даңғылының қиылысында жеке құрылыс салушы тұрғын үй кешенін салуды жоспарлаған. Нәтижесінде бұл учаскеде инвестормен бірге қоғамдық кеңістік салынды. Күмісбеков көшесі, 7/1 мекенжайындағы ескі гараждардың

орнына қала тұрғындары үшін ыңғайлы әрі қауіпсіз орын жасалды. Аумағы абаттандырылып, ағаш отырғызылды және т.б. Ал Көктөбе, 5 мекенжайында бос жердің орнына спорт-ойын аймағы салынды, – деді Жеңіс Қасымбек.

Президент жаяу жүріп, серігетін көшелер керек екенін атаған еді. Бұл бағытта да жүйелі жұмыстар атқарылды.

– Қ.Мұңайтпасов пен Бейбітшілік көшесінің бойында жаяу жүргіншіге арналған бірнеше променад ашылып, «Амман» және «Абылай хан» көпірінің астында жаяу жүргіншілер өткелі жасалды. Бұл нысандар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін біріктірді. Орталық жағалаудағы тарихи көшелер жаңарып, «Журналистер аллеясы», Салтанат қақпасының жанындағы гүлзар, Ш.Уәлиханов көшесіндегі Кравцов көшесінен С.Сейфуллин көшесіне дейінгі жаяу жүргінші кеңістігі және тағы басқасы абаттандырылды, – деді қала әкімі.



ИМАМДАР БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРДЫ

Елордада Астана қаласы бойынша ҚМДБ имамдары мен ұстаздарының білімін жетілдіруге бағытталған «Жаһандану заманындағы ислам мәдениеті» тақырыбында семинар өтті. Дін істері жөніндегі басқарманың қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы Ұлттық академиялық кітапханада ұйымдастырған іс-шараға елордадағы 15 мешіт имамы мен ұстаздары қатысты.

Райхан
РАХМЕТОВА

Семинардың алғы сөзін Астана қаласының Дін істері жөніндегі басқармасының басшысы Қайролла Көшқалиев еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтап, дәстүрлі ислам дінін насихаттау және осы жолдан тайып кеткен азаматтарды дұрыс бағытқа салуға арналған 4 жобаны таныстырудан бастады.

– Діндерді зерттеу орталығында ақпараттық түсіндіру жұмыстары бойынша 7 топ құруды көздеп отырмыз. Бұл топта қазір 6 теолог жұмыс істеп жатыр екен, соның орнына 14 белсенді

имам алу керек. Қаланың 5 ауданында бір-бір топтан, сонымен қатар қалалық және мобильді топ болады. Одан бөлек, діни медиа-орталық ашу жоспарлануда. Жалпы діни бағытта дәстүрлі исламды насихаттауға бағытталған контентті толтыру үшін ауқымды жұмыстар жүргізу керек, – деді Қ.Көшқалиев.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің Исламдық діни бірлестіктермен байланыс басқармасының басшысы Мейіржан Нұрмұханбетов діни бағытта да медиасауаттылық ұғымының маңызды екенін атап айтты.

– Әлемдік трендтер дінді де айналып өткен жоқ. Соның ішінде медиасауаттылық деген ұғым тренд болып

қалыптасты. Жалпы медиасауаттылық деген ұғымды көбі БАҚ-тағы ақпараттарға қатысты деп ойлайды. Олай емес, сіздердің жүргізіп жүрген уағыз-насихатыңыз, әлеуметтік желідегі жұмыстарыңыз, пост-жариялауыңыз, интернет кеңістікті пайдалана отырып ақпарат таратуыңыздың бәрі медиасауаттылық болып саналады, – деді ол.

«Исламдық зерттеулер орталығы» ҚҚ атқарушы директоры, дінтанушы Балғабек Мырзаев «Діни контенттердің діни сауаттылықты қалыптастырудағы орны» тақырыбында баяндама жасады. Ал Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының бас маманы Адия Романова Қазақстандағы діни қызмет саласындағы заң баптары мен талаптарын талқылады. Іс-шараға қатысушыларға Астана қаласы Діндерді зерттеу орталығының теологы Исатай Бердалиевтің «Әл-Ихтияр» атты еңбегі және семинардың біліктілік арттыру бойынша сертификаты берілді.

ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 30 қарашада 11:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. «Дене мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған паралимпиадалық жаттығу орталығы мен «Тарлан» мұз айдыны қызметін ұйымдастыру» мемлекеттік-жекешелік қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 338/42-VI шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

2. Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын мақұлдау туралы.

3. Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 274/36-VII «Астана қаласының 2023-2025

жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

4. «Астана қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы.

5. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 20/2-VII «Депутаттық этика мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 30 наурыздағы № 4/1-VIII «Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының тұрақты комиссияларының құрамдары туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36

Е.КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

СӘБИЛЕР КӨЗІНЕ ЕРЕКШЕ ОТА ЖАСАЛДЫ

Астанадағы №2 көпбейінді қалалық аурухана базасында балалардағы витреоретинальды хирургия бойынша тұңғыш рет «Ерте витрэктомия» халықаралық шеберлік сабағы өтті. Ота белгілі халықаралық сарапшы, үнді дәрігері Нихил Палдың қатысуымен жасалды. Үш күн бойы әлемге танымал хирург қазақстандық әріптестерімен бірлесіп, бүкіл әлемде «нәресте соқырлығының» басты себебі болған көздің торлы қабығының ауыр түріне шалдыққан шала туған балаларға ота жасап, ата-аналарға үміт сыйлады.



Райхан
РАХМЕТОВА

Бұл диагноз бойынша балалар көру қабілеті бұзылып туады және ол «Шала туған

нәрестелердегі ретинопатия» деп аталады. Елімізде жыл сайын 22 мыңнан астам нәрестелер шала туады, олардың 4 мыңға жуығында ретинопатия салдарынан соқырлықтың даму қаупі жоғары болады.

– Қазіргі таңда біздің ауруханадағы қалалық көз микрохирургиясы орталығында ересектерге жоғары мамандандырылған оталар, атап айтқанда, макулаға күрделі витреоретинальды оталар,

диабеттік ретинопатия, торлы қабықтың тартылуы кезінде, қан кету кезінде субмакулярлық оталар жасалуда. Сондай-ақ гестациялық жасы 37 аптадан аз балаларға, яғни шала туған балаларға медициналық көмек және күтім көрсетіледі. Балаларды жедел емдеу және күту үшін барлық қажетті жабдықтар мен мамандары бар акушерлік блоктың және қалалық көз микрохирургиясы орталығының болуы елордада медициналық туризмді дамыта отырып, Қазақстан мен таяу шет елдердің балаларына көмек көрсетуге мүмкіндік береді, – деді аурухана директоры Нұрбол Тұрсынов.

Осы отаны тегін жасатуға Алматыдан арнайы келген 7 айлық Арнурдың анасы енді шетелге барудың қажеті жоқ екенін айтып қуанды.

Мастер-класты galamat Group медициналық технологияларды енгізу және әзірлеу жөніндегі қазақстандық холдинг, «Ayala» қайырымдылық қоры және «Мейірімділік» еріктілер қоғамы» қоғамдық қоры бірлесіп ұйымдастырды.

БАЛАЛАРДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН

Астана қаласындағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында 24 қарашада Алматы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен «Жарқын болашақ кепілі – балалар» атты форум өткізілді.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Іс-шараға аудан әкімі Мақсат Саматұлы, Freedom Holding Corp бас атқарушы директоры Тимур Турлов, Парламент Мәжілісінің депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов, Мәжіліс депутаты Ардақ Назаров, Asar-Ume қайырымдылық қорының негізін қалаушысы Асхат Нұрмашев, «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы Нұрлан қажы Асанов, «100 жаңа есім» жобасының қатысушысы және блогер Алексей Лодочников қатысты.

Форумның негізгі мақса-



Василий КРАСЬ

ты – пәндік олимпиадалар, шығармашылық конкурстар мен спорттық жарыстарда жетістікке жеткен аудандың қабілетті және талантты оқушылардың шығармашылық әлеуетін ынталандыру және тәжірибе алмасу. Форумға 1-11 сынып аралығындағы 268

оқушы, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатысты.

Форум бағдарламасында онлайн құттықтау, TED talks форматында сұхбаттасу, марапаттау, арнайы сыйлықтар және

фуршет болды. Аталған форум аясында аудандағы белсенді оқушыларға арналған осындай қызықты іс-шаралар ұйымдастырылды, балалар форумға қатысушылардың танымдық баяндамаларын, іс-тәжірибелерін қызыға тындап, пікір алмасты.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде ардагерлер мен студенттердің қатысуымен «Ата-ана ұлағаты – ұрпаққа аманат» атты конференция өтті. Ұрпақтар сабақтастығын қолдау және жастардың бойында патриотизмді арттыруға бағытталған іс-шараға елордалық жастар қатысты.

ЖАСТАР АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Индира
БЕРЖАНОВА

Конференцияны қалалық Ардагерлер кеңесі, Ішкі саясат басқармасы, Жастар саясаты мәселелері басқармасы ұйымдастырды.

«Бүгінгі жас ұрпақ батыр ата-бабаларының даңқты жолын жалғап келеді. Батырлық – қанымызға сіңген қасиет. Ұлы дала жауынгерлері қашан да Отанын қорғауға дайын, сондықтан біз қазіргі Қазақстанда тұтастық пен бейбітшілікті сақтау үшін бәрін жасаймыз. Біздің әскери құрылымдарымыз заманауи технологиялармен жабдықталған. Олар кез келген қауіп-қатерге соққы бере алатын қуатты және мобильді күшке айналды. Қазір біздің міндетіміз – патриоттық қозғалысты дамыта отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру» деді елордалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов.

Ол педагогтарды студенттермен қарым-қатынаста патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілік мәселелерін жиі талқылауға шақырды.

Конференция барысын-

да Астана қаласының Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов өз сөзінде студент кезіндегі тәжірибесімен бөлісті.

«Жастар үшін қадірлі ардагерлердің өмірлік тәжірибесі ұрпақтар сабақтастығы деп саналады. Одан тәлім-тәрбие алып, тілдесу арқылы жастар көп сабақ алады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» демекші, ардагерлерімізді бағалап жүріміз қажет. Асыл қазына – ардагерлердің жүріп өткен жолынан бүгінге және болашаққа қажетті ілім-білімді алып қана қоймай, оны ел игіліне жұмсау – жастардың қолында» деді Н.Әлмұханов.

Студенттермен кездесуде Қарулы Күштердің ардагері Марат Нағыманов, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ардагері, Комплаенс қызметінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев және т.б. сөз сөйледі. Спикерлер студенттерге азаматтық борыштың елдің өркендеуіндегі маңызы туралы айтып берді. Іс-шара соңында студенттер ардагерлермен бірге Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындады.

ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша Департаментінің алаңында уәкілетті органдардың қатысуымен жол-көлік оқиғалары мәселесі бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының бірінші отырысы өтті.

Департамент мүдделі органдарға жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын себептерге талдау жасады.

Қалалық басқарма басшысы Мадияр Әлімқожаев жол-көлік оқиғаларының жай-күйі және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының көбеюіне жол бермеу туралы баяндады.

Семинар барысында адам өліміне әкелетін жол-көлік оқиғаларының көбеюіне әсер ететін бірқатар сұрақтар мен

өткір мәселелер көтерілді.

Отырыс қорытындысы бойынша жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бірқатар шаралар қабылданып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстарын жетілдіру мақсатында уәкілетті органдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы Астана қаласының әкімі мен уәкілетті мемлекеттік органдардың бірінші басшылары тиісті түрде хабарланады.

отты қолдану, электр жабдықтарын монтаждаудың және техникалық пайдаланудың ережесін, пештерді орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін, балалардың отпен ойнауына жол бермеу керектігін түсіндірді.

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша жүргізілген іс-шарада барлығы 45 адам қамтылды. Олардың қатысуымен 15 нұсқама өткізілді, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы 120 жадынама табыс етілді. Төтенше жағдайлардың алдын алу жұмысы жыл бойы жалғасады.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы ТЖД
Алматы ауданы Төтенше
жағдайлар басқармасының
инженері

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА

Елордада «Жатақхана» жедел-алдын алу іс-шарасы аясында жатақхана ретінде жасалған жеке меншік тұрғын үйлерде тіркеусіз тұрып жатқан тұрғындарды анықтау және төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша тексеріс жүргізілді.

Қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері, полиция мен әкімдік қызметкерлері және еріктілер қатысқан бұл іс-шара барысында барлығы 10 жатақхана тексерілді. Құтқарушылар тұрғындарды өрт қауіпсіздігі талаптарымен таныстырып, өрт кезінде өзін және мүлкін қалай қорғау керектігі туралы хабардар етсе, полиция қызметкерлері заңнама мен

қоғамдық тәртіптің сақталуын тексерді.

Алматы ауданы ТЖБ аға инженері Руслан Серіковтің айтуынша, мұндай тексеріс жыл сайын ұйымдастырылады. Ол құқық бұзушылықты анықтауға, сондай-ақ жылыту маусымы кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына мүмкіндік береді.

– Астана қаласы Полиция департаменті мен Төтенше жағдайлар басқармасымен

бірлесіп Алматы ауданының жатақханаларына тексеріс жүргізуде. Мұндағы мақсат – жылыту маусымы кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын тексеру. Тұрғылықты азаматтарға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіріп, жадынама табыстаймыз, – деді Руслан Серік.

Тексеру барысында полиция қызметкерлері жатақханаларда адамдардың тіркеусіз тұру фактісін анықтады. Аралау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 492-бабы 1-бөлігіне сәйкес, 13 жеке тұлға ескерту түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Құтқарушылар нысандардың меншік иелерімен және тұрғындарымен өрт

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ**СЕРТИФИКАТ КІМГЕ
БҰЙЫРДЫ?**

2017 жылы 11 мамырда Талдықорған қаласында Муслима Саматқызы есімді 18 миллионның тұрғын туған-ды. 2021 жылдың 20 маусымында Алматы облысында дүниеге келген Жәния Азаматқызы 19-миллионның азаматы ретінде тіркелген еді. Арада екі жыл өткенде 1 миллион адамға көбейіп, 2023 жылдың 14 қарашасында сағат 08.10-да Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола, Түркістан облысында 5 сәби туып, 20-миллионның адам болды. Яғни соңғы 3-4 жылда 1 миллион адамға көбейіп келеміз. Бұл – жақсы көрсеткіш.

Елдің 20 миллионның тұрғыны атанған бес сәбидің бірі – Мұхаммад Қосай. Атырау қаласында өмірге келген сәбиді ата-анасы төрт жыл күтіпті. Бақытты сәбидің бірі – Ұлытау облысының Жезқазған қаласында дүниеге келді. Оның есім-сойылы – Томирис Ақылбек. Үйінің тұңғышы, ата-әжесінің алғашқы немересі. Түркістан облысының Жетісай ауданындағы Шакевтер отбасындағы сәбидің есімі – Әлімхан Асқар. Ақмола облысында – Ясина, ал Жетісу облысында Айсұлтан есімді сәбилер ата-анасын қуантты.

Талдықорғанда тұратын Мұхтар Әзімбаевпен хабарласқанымызда: «Айсұлтан – біздің төртінші баламыз. Оның дүниеге келуі жалпыхалықтық оқиғаға айналды. Енді баламызды білімді, білікті, белсенді етіп тәрбиелеу – біздің негізгі міндетіміз» деп жауап берді.

Елдің «20 миллионның тұрғыны» деген сертификатты алып, ата-анасы мен ата-әжесі қуанып жатқанда, Үкімет 2 миллион теңгенің сертификатын табыстап, мерейлі отбасылардың қуанышына қуаныш қосты.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылы бала туу деңгейі жоғары болып, 446 мың бала дүниеге келді. Табиғи өсімнің артуы, оның ішінде нәресте өлімінің азаюы нәтижесінде қамтамасыз етілді. 1991 жылы 1000 тұрғынға шаққанда өлім-жітім 8,2 болса, 2022 жылы 6,8 адамға төмендеді. Бәрекеді! Халқымыз өсіп-өніп, көбейе берсін! Өйткені саннан сапа шығады. Сапасыз ұлт өркендеу жолын табуы қиын. Өйткені демография – дамудың діңгегі.

Осы жерде 25 немесе 30 миллионға қашан жетеміз деген заңды сауал туады. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуіне сүйеніп, бұл сұраққа жауап беруге болады. Халықаралық ұйым 2050 жылы қазақстандықтардың саны 25 миллионға, 2100 жылы 30 миллионға жетеді деген болжамы бар.

Демографтар мен әлеуметтанушылардың сөзінше, қазіргі табиғи өсім 1980-1990 жылы аралығындағы аналардың арқасында қалыптасты. Ал 1990-2000 жылдары туған аналар демографиялық ахуалға деген көзқарасы өзгеше, олар бірекі баламен шектелуді дұрыс санайды. Яғни келешекте ел бойынша балу туу деңгейі төмендейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске қосуының бір себебі – осы үдерістің алдын алу болса керек-ті.

**АСТАНАНЫҢ
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
АХУАЛЫ**

2023 жылы Астана қаласының тұрғыны 1 миллион 371 мың адамға жетті. Егер 1998 жылы 275,3 мың адам болғанын ескерсек, 25 жылда көші-қон және табиғи өсім нәтижесінде 1,1 миллион адамға көбейді. Бұл – ел тарихындағы рекордтық көрсеткіш.

Статистикалық деректерде 2000 жылы Астана қаласында



XX ғасырдың басында Әлихан Бөкейханов: «Әлхамдулиллах, 6 миллионға жеттік» деп сүйіншілеген еді. Шүкір, 20 миллионға жеттік! Қуанышты жаңалықты алғашқы болып Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бөлісті. Бағалай білсек, бұл – ел ретіндегі ең үлкен жетістігіміздің бірі.

қозғаушы күшке айналуға ниетті Өзбекстанда халық саны 17 миллион адамға артты.

Кезінде шекесінен қарап, менсінбей жүрген өзбектердің саны 90 жылдармен салыстырғанда 2 есеге артты. Олар әлемде халық саны жөнінде 41-орында тұр. Бұл елде 1 шаршы шақырым жерде 75,9 тұрғын қоныстанады.

Енді Қазақстан мен Өзбекстанның демографиялық көрсеткіштерін салыстырсақ, 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстанда 16 миллион 536 мың адам болса, Өзбекстанның халық саны 19 миллион 810 мың адамды құрады.

Өзбекстанда әр 5 жыл сайын 2 миллион адамға көбейді. Мәселен, 2000 жылы – 24 миллион 591 мың, 2005 жылы – 26 миллион 254 мың, 2010 жылы – 28 миллион 292 мың, 2015 жылы – 30 миллион 680 мың, 2020 жылы 33 миллион 226 мың адамға жетті. Қазақстанда 2000 жылы – 14 миллион 900 мың, 2005 жылы – 15 миллион 75 мың, 2010 жылы – 16 миллион 204 мың, 2015 жылы – 17 миллион 417 мың, 2020 жылы 18 миллион 632 мың адамға жетті.

Статистикалық мәліметтерден 30 жылда Өзбекстан халқына 14 миллион адам қосылса, Қазақстанда 2 миллион адамға ғана көбейгеніне көз жеткізуге болады. Неге? Бұл сұраққа демограф Аяулым Сағымбаева былай жауап берді:

«Қазақстанда демографиялық саясатты жүзеге асыратын, бақылайтын, яғни демографиялық жағдайды кешенді түрде қарастыратын уәкілетті орган жоқ. Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігі адамдардың жас ұзақтығы мен өлім-жітіміне жауапты. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жәрдемақы мен көші-қон процесін реттейді. Ал Ішкі істер министрлігі көші-қон үдерісін тіркейді. Ұлттық статистика бюросы статистикалық ақпараттың сапасын қамтамасыз етеді. Жастар және отбасы комитеті отбасылық және жастар саясатын жүргізеді. Ал Ұлттық экономика министрлігі аумақтық дамуға жауап береді. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі демографиялық көрсеткішке әсер ететін: бала туу, табиғи өсім, көші-қон үдерісімен өлшенбейді. Өйткені макроэкономикалық болжам халық санына емес, негізгі зерттеулер доллардың, алтынның, газ бен мұнайдың құнына негізделеді. Біздің елде халық санының өсуі табиғи өсімнің арқасында ғана болуға».

**ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ
ТАЛПЫНЫСЫ**

Демограф Аяулым Сағымбаева халықты байлық ретінде бағалайтынын айтты.

– Халық – демографиялық көрсеткіш қана емес, біріншіден, бұл жұмыс күші, екіншіден, бұл – үлкен нарық. Мысалы, Қытай, Үндістан демографиялық дамудың арқасында өсіп-өркендеудің жолын тапты, – дейді демограф.

P.S: Біздің санымыз аз, жеріміз кең. Бұл – бір жағы байлығымыз, бір жағы сорымыз болып тұр. Егер демографиялық саясатты басымдық етіп, көбеюге мән бермесек, тұтастық, тұрақтылық, елдік мұрат деген ұрандар жай сөз болып қалады. Өйткені демография – дамудың діңгегі.

ДЕМОГРАФИЯ – ДАМУДЫҢ ДІҢГЕГІ

381 мың адам тұрса, 2003 жылы 502 мыңға жетіп, жарты миллиондық мегаполис болды. Әр бес жылды саралайтын болсақ, 2005 жылы – 529,3, 2010 жылы – 684, 2015 жылы 852,9 мың адамға жетті. 2016 жылы Астана күні қарсаңында миллионның Саида есімді тұрғын дүниеге келді. Қала тұрғыны Олжас пен Арайлымның тұңғышы бүгінде 7 жаста. 2020 жылы бас қаланың тұрғын саны 1 млн 136 мыңға жетті.

Әлеуметтанушы Айнұр Анарбекова 2000 жылдардың басында елордада халық санының артуына көші-қон үдерісі оң әсер етсе, соңғы жылдары бала туу көрсеткіші көбейіп келе жатқанын айтты. Мәселен, 2003 жылы 6449 бала дүниеге келсе, табиғи өсім 3163 адамды құрады. 2005 жылы 9,1 мың сәби туса, 3,6 мың адам өлді. Яғни табиғи өсім 5,5 мың болды. Ал көшіп келгендер – 26,8 мың, көшіп

кеткендер 11,1 мың адамды құрады. 2010 жылы туғандар саны – 17,4 мың, өлгендер саны – 3,1, табиғи өсім 14,1 мың болса, көшіп келгендер – 59,3 мың, көшіп кеткендер 25,5 мың болды. 2015 жылы туғандар саны – 26,1 мың, өлгендер саны – 3,8 мың, табиғи өсім 22,2 мыңды құрады. Көші-қон айырмасы 2,4 мың болды. 2020 жылы туғандар саны – 28,7 мың, өлгендер саны – 4,3 мың, табиғи өсім 24,4 мың болса, көшіп келгендер – 122,2 мың, көшіп кеткендер 97,3 мыңға жетті. Яғни Астана қаласында көші-қон үдерісімен қатар, бала туу көрсеткіші де артып келеді.

Астана қаласында әйелдерге жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдегі көмек және жаңа туған нәрестелерге стационарлық медициналық жәрдем 550 орынды қамтып тұрған негізгі үш ұйым да іске асырылып жатыр. Кейінгі 10

жылда бала туу 41 пайызға артты. 2012 жылы – 19,5 мың, ал 2022 жылы 31,7 мың бала өмірге келді.

Егер өзге өңірлерде де табиғи өсім Астана қаласындағыдай болса, онда Қазақстан дамудың жаңа деңгейіне көтерілер ме еді?! Алайда біздің Үкімет демографияға маңыз беретін болса, әлеуметтік-экономикалық мәселелер туындайтын түсінеді. Демограф, саясаттанушы Әзімбай Ғалидің сөзінше, ел экономикасы халықтың өсуін көтере алмаса, онда шектеу шараларын қолға алады. Мысалы, Астана қаласында халықтың көбеюіне сай әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру мүмкін болмай, ұшауысымды мектеп мәселесі туындады.

**ОРТА АЗИЯМЕН
САЛЫСТЫРҒАНДА**

Орта Азия елдерінің демографиялық сипатын саралайтын болсақ, 1991 жылы Қырғызстанда халық саны 4 миллион 464 мың адам болса, 2022 жылы 7 миллион 38 мың адамға жетіп, 2,5 миллион адамға көбейді. Демографиялық көрсеткіш Тәжікстанда едәуір жақсы. 31 жылда 5 миллион 338 мың адамнан 9 миллион 886 мыңға жетті. Тәжікстанның әлеуметтік-экономикалық деңгейі біздің елмен салыстырғанда төмен болғанымен, жыл сайын бала туу деңгейі жоғарылап келеді. Мәселен, Тәжікстанда 2000 жылы 167 мың бала туса, 2005 жылы – 180 мың, 2010 жылы 239 мыңға, 2020 жылы 243 мың бала туды. Ал Еуразияның кіндігінде

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

1 МИЛЛИОН 371 МЫҢ 2023 ЖЫЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ АДАМҒА ЖЕТТІ

| | |
|-------------|----------------------------------------------------------------|
| 2005 | 9,1 мың сәби дүниеге келді 3,6 мың адам өлді |
| 2010 | 17,4 мың сәби дүниеге келді 3,1 мың адам өлді |
| 2015 | 26,1 мың сәби дүниеге келді 3,8 мың адам өлді |
| 2020 | 28,7 мың сәби дүниеге келді 4,3 мың адам өлді |
| 2022 | 31,7 мың сәби дүниеге келді |



ВОЛОНТЕРЛЕР ҮЛЕСІ БАР

«ҚР Волонтерлік қызметі туралы» заңы бойынша бұл қызметпен 14 жастан асқан әрбір азамат айналыса алады. Елордалық волонтерлер де осы заң шеңберінде қалалық Полиция департаментімен бірлесіп, қылмысты ашуға тікелей қатыспаса да, жанама түрде оның алдын алуға көмектеседі.

Сондай волонтердің бірі Астана қаласы әкімдігі «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы волонтерлер қозғалысын дамыту бөлімінің маманы Айзат Әли өзі сияқты белсенді жастардың жұмысы туралы айтып берді. Бүгінде «Астана жастары» жастар ресурстық орталығында 5000-нан астам белсенді волонтер бар.

– Волонтерлердің жас мөлшері әртүрлі болғандықтан, арасында кәмелет жасқа толмаған жастар да бар. Олар көбіне қала бойынша тұрғын үйлерде жазылып тұратын нашарлық туралы жарнамаға сілтемелерді жою, пайдалы ақпаратты бар қағаздарды тарату, рейдтерге шығу және т. б. жұмысқа араласады. Есірткі сату туралы хабарландыруды бояу, жоғалған адамдарды іздеу бойынша жұмыстарға да қатысады. Одан бөлек, ай сайын Ішкі істер департаментімен бірлесіп жұмыс жүргіземіз. Айта кететін қызықты жағдай, 2022 жылы өкпенің кезінде біздің бір волонтер Есіл өзенінің жағалауынан есірткіге ұқсас түссіз, күдікті паке таяуып алды, – дейді Айзат.

Қылмыспен күрестен бөлек, ерікті жастар халық санағы, халықты газдандыру туралы хабарлар ету, жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары, шомылу маусымындағы мінез-құлқ



ережелері, қаланың қоғамдық орындарында коронавирус инфекциясы кезеңінде қорғау шаралары мәселелері бойынша халықпен түсіндіру жұмысын ұйымдастырады. Осылайша Астана қаласындағы волонтерлік қызмет әлеуметтік белсенділік түріндегі аса сұранысқа ие қозғалыстың біріне айналды.

Жалпы аталған орталық құрылғаннан бері волонтерлік қызметті және азаматтар арасында әлеуметтік белсенділікті арттыруға баса көңіл бөлініп келеді. 2014 жылдан бастап волонтерлік қозғалысты дамыту бөлімі осы қызметті танымал етумен, жастар арасында волонтерлерді іріктеу және оқытумен, волонтерлік

ұйымдар мен қозғалыстарға әкімшілік, ресурстық көмек көрсетумен айналысады. «Астана жастары» волонтерлері Рим Папасының массасы, дзюдодан Азия чемпионаты, «Kazakhstan Security System» форумы, «Eurasian Book Fair», «Наурыз ЭКСПО», «Иллюзия обмана» және т. б. ауқымдағы іс-шараларға үнемі қатысады.

– Волонтерлік қызмет біз сияқты ерікті жастарға көптеген мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қалалық және халықаралық іс-шараларды өткізуге көмек көрсетуге, соның барысында көптеген жаңа таныс, дос табуға, әртүрлі бағытта өзінің қарым-қабілетін сынап көруге, жан-жақты болуға, бос уақытын пайдалы өткізуге, шетелден келген қонақтарға бағыт-бағдар беру арқылы шет тілін білу деңгейін арттыруға септік етеді. Соның арқасында тегін істесек те көп тәжірибе жинап, алғыс хат аламыз. Ең бастысы, халықтың алғысын алып, қоғамға аз да болса өз пайдамызды тигізуге ұмтылуды мақсат етеміз, – дейді волонтер.

Олар сонымен қатар экология, әлеумет, спорт бағытында, төтенше жағдай туындағанда, event іс-шаралар бойынша сабақтан және жұмыстан босаған кезде қоғамдық жұмыспен айналысуға құлшына кірісіп, бұл іспен өз еркімен және ерекше қызығушылықпен шұғылданады. Кішілері мектеп пен колледж жасындағы, үлкендері университет студенттері мен жұмыс істеп жүрген жастардан құралған елорда волонтерлері белсенділіктің арқасында қала өміріндегі маңызды істерден ешқашан тыс қалмайды.

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев жастарды жымысқы жолмен тартуға ұмтылатын әртүрлі субъектілердің тарапынан болатын арандатушылық іс-қимылдардан және жағымсыз көріністерден сақтануға шақырды.

ИНТЕРНЕТТЕГІ АЛАЯҚТАР ЖАСТАРДЫ АРАНДАТАДЫ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

«Бұл – интернеттегі оңай жолмен ақша табу дегенге қатысты мәселе. Қазіргі кезде нағыз қылмыстық термин жасырылған алуан түрлі сайт осы оңай олжаны жастарға жарнамайды. Сайып келгенде, есірткі тарататын жастар интернеттегі алаяқтар мен есірткі сатушылардың қолында қуыршақ болады. Есірткі таратуға қатысты барлық іс-әрекет ауыр және аса ауыр қылмыс санатына жатады. Мұндай қылмысты жасаған адамға 7 жылдан бастап өмір бойына дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген» деп түсіндірді М.Төлебаев мәселенің мәнісін.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездескен құзырлы департамент басшысы заңнамадағы өзгерістер, жастар арасындағы буллинг, есірткіқұмарлық, токсикологикалық бірдей дәрежеде тәуелділік тудыратын ойын-сауық, интернеттегі алаяқтық және тағы басқа тақырыптар бойынша кеңінен мағлұмат берді. Бұл кездесудің түпкі мақсаты оқытушылар мен студент-жастардың ақпараттану, заңсыз іс-әрекеттен құқықтық жағынан қорғану және сауаттылық деңгейін көтеру болғаны анық.

Мәселен, соңғы 2 жылда елордада жастарды есірткі таратуға шақыратын 200-ге жуық жарнама сайты жабылғанын, 7 есірткі дайындайтын зертхананың анықталғанын біле бермейміз. Заңсыз айналымнан 350 келіден астам есірткінің алуан түрі, соның ішінде 50 келі синтетикалық есірткі тәркіленген. Бүгінгі таңда ішкі істер органдары – көпқызметтік жүйе, яғни



оған көптеген міндет жүктелген. Полиция барлық қылмыстың 96 пайызын зерттеп, барлық әкімшілік құқық бұзушылық іс-қимылдардың 97 пайызын анықтайды.

Кездесуде Марат Төлебаев Астанадағы кримногендік ахуал туралы егжей-тегжейлі ақпарат беріп, жалпы қалыптасқан жағдайдың тұрақты екенін атап өтті. Қаланың бас полицейінің айтуынша, 10 мың тұрғынға шаққанда қылмыс деңгейі 4 пайызға төмендеген. «Соның ішінде кісі өлтіру, ауыр дене жарақатын салу, зорлау, бұзақылық, бопсалау және ұрлық азайды. Қылмыстардың ашылуы көбейіп келеді. Кісі өлтіру, қарақшылық, бұзақылық, көлікті айдап әкету және қалтақағар ұрлыққа қатысты қылмыстардың барлығы ашылууда» деді ол.

Сонымен қатар ол тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту бағытындағы заңнамамызға енгізілген бірқатар өзгеріс туралы, шағын электр құралдары мен электр скутерлерді пайдаланудағы заңнамалық түзетулер туралы жастарға толық мағлұмат берді. Жүзделудің соңында Полиция департаментінің бастығы ынтымақтастық туралы меморандум аясында заңнамалық өзгерістерінің студенттері маңызды «кадр резерві» екенін атап өтті, сондай-ақ болашақ түлектерді ішкі істер органдарына қызметке шақырды.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ

Астанада бүгінде халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 186 мың адам болса, соның ішінде 33 мыңы – ерекше қажеттіліктері бар адамдар. Олардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту – мемлекетіміз алдына қойған маңызды міндеттің бірі. Осы ретте Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы өз құзыреті шеңберінде бірқатар қызмет түрін ұсынады.

Астанада 26011 адам техникалық оңалту құралдарымен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етіліпті. Оның ішінде протез-ортопедия көмегімен – 3308 адам, сурдотехника құралдарымен – 757 адам, тифлотехника құралдарымен – 1256 адам, кресло-арбамен – 963 адам, санаторий-курортта емделумен – 4997 адам, жеке көмекшінің қызметімен – 2695 адам, ымдау тілі маманының қызметімен – 500 адам, міндетті гигиена құралдарымен 11535 адам қамтылған.

– Сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін көрсетілетін әлеуметтік көмек түрлері де бар. Атап айтқанда, оларға қалалық жолаушылар көлігі маршруттарында тегін жүру, екі жылда бір рет тіс протездеу қызметіне жүгіну, санация, күніне біржолғы ақшалай төлем алу (қазанның екінші жексенбісі), қатты отын сатып алуға, газ қазандығын өткізуге және орнатуға жұмсалған шығынды өтеу жатады, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Елордада сондай-ақ дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысын алған ерекше қажеттіліктері бар ересектер мен балалар үшін инваксия қызметі ұсынылады. Ол ерекше қажеттіліктері бар және онымен бірге жүретін адамды жедел нүктесіне тегін жеткізіп тастайды. Инваксия автокөлігінің саны 2019 жылы 36 болса, қазір екі есе өсіп, 117 көлікке көбейді. Шілде айынан бастап Астана қаласындағы ерекше қажеттіліктері бар жандар үшін Яндекс Go сервері арқылы қызмет көрсетілетін қанатқақты жоба іске қосылды. Бүгінгі таңда бұл жоба арқылы 174 адам қамтылып, оларға жеткізу



Биыл жыл басынан бастап Астанада 26011 адам техникалық оңалту құралдарымен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етіліпті. Оның ішінде протез-ортопедия көмегімен – 3308 адам, сурдотехника құралдарымен – 757 адам, тифлотехника құралдарымен – 1256 адам, кресло-арбамен – 963 адам, санаторий-курортта емделумен – 4997 адам, жеке көмекшінің қызметімен – 2695 адам, ымдау тілі маманының қызметімен – 500 адам, міндетті гигиена құралдарымен 11535 адам қамтылған

қызметі көрсетілуде. Сондай-ақ қалада осындай жандар үшін ашылған екі заманауи спорт кешені жұмыс істейді: біріншісі – Ақшоқы көшесіндегі параолимпиадалық жаттығу орталығы, екіншісі – Тұран даңғылындағы «Тарлан» мұз аренасы. Жалпы алғанда, халықты әлеуметтік қорғау мәселесі – басқарманың тұрақты бақылауында.



Басқарма басшысының орынбасары Айгүл Таласованың айтуынша, елордада ерекше жандардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі Ұлттық жоспар шеңберінде әлеуметтік қызметтер порталы енгізілді.

– Ерекше күтімді қажет ететін адамдар, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалар реабилитациялау және оңалтудың жеке бағдарламасындағы ұсынымға сәйкес оңалтудың техникалық құралдары және оңалту қызметтерімен әлеуметтік қыз-

меттер порталы – aleumet.egov.kz арқылы қамтамасыз етіледі. Портал ерекше қажеттіліктері бар адамдарға оңалту қызметтері және техникалық құралдар өндірушісі мен жеткізушісі өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру қызмет көрсетілетін адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асады. Тапсырыс қызметін жеткізу немесе алып кету арқылы алуға болады, – дейді А.Таласова.

Биыл жыл басынан бастап

Конференцияны кіріспе сөзбен аталмыш жоғары оқу орнының ректоры Ерлан Сыдықов ашып, қаламгердің шығармашылығы мен оның қазақ спорт журналистикасының қалыптасуына сіңірген еңбегіне тоқталды. Газет редакторы болған кездегі тақырып қою шеберлігін, материалды жеріне жеткізіп, қызықты да тартымды етіп жазғанын айтып, сонысымен қалам ұстаған кез келген адамға үлгі көрсеткенін атап өтті. Осы жиынның мәні мен маңызын кеңінен толғады. Сейдахмет Бердіқұлов атындағы аудиторияның ашылуына қолдау көрсеткен Altyn Qutap Foundation қоғамдық қорына, оның басшысы, белгілі меценат Исламбек Салжановқа алғысын айтты.

Одан кейін Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаевтың, Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Бөрменқұловтың құттықтауы оқылды. Бердіқұловтың бешпегінен шыққан Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, ҰҒА академигі, белгілі қаламгер Бауыржан Омарұлы естелігін айтты. Ол ардақты ұстазының 16 жыл «Лениншіл жас» газетін басқарғанын, осынау кезең ішінде қазақ журналистикасында екі мектеп қалыптастырғанын, алғашқысы жазу шеберлігінің мектебі болса, екіншісі қазақ спорт журналистерінің мектебі екенін атап өтті. Оның осы екінші мектебінен Несіп Жүнісбайұлы, Дүрәлі Дүйсебай, Қыдырбек Рысбек сынды шынайы шәкірттері шыққанын, өзге шәкірттері ерекше стиль іздеуді, тосын тақырып қоюды, кейіпкерді аялай білуді, мақаланы тартымды етіп жазуды, өмір мен юморды үйлестіруді үйренгенін айтты.

«Сейдахмет Бердіқұлов батыр бас редактор болды. Ешкімнен ықпады. Туын жықпады. Сарбаздарын әркез қорғап жүрді. Ол аса батыл, қажырлы қайраткер болды. Бір кезде Алматы қаласының басшысы болған, біз білетін жердегі Шулико ма, әлде «шығысым батыс боп кетті» дегендей, кейінгі версиядағы Соломенцев пе, мәселе онда емес, шікірейген шоң шенеунікке елдің көзінше «Саусағыңызды

САН ҚЫРЛЫ СЕЙДАХМЕТ



Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде офлайн және онлайн форматта қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған көрнекті қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың 90 жылдығына арналған «Қазіргі қазақ спорт журналистикасы және медиакоммуникация мәселелері» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Жиын оның атындағы аудиторияның ашылу салтанатымен, деректі фильмнен үзінді көрсетумен басталды.



Бердіқұлов идеяға бай адам болған. Оның тұла бойы идея еді. Жазушының жолжазбалары мен очерктері кезінде оқырман іздеп жүріп оқитын дүниелерге айналған. Сол себепті қазіргі журналистер Бердіқұловтың еңбектерін жата жастанып оқып, одан көп нәрсе үйренсе, қалың оқырманның ықыласына бөленіп, нағыз майталман қаламгерге айналар еді

шошайтпаңыз, бізді құртқан осы сұқ саусақтар» деу үшін де арыстанның айбаты, жолбарыстың жүрегі керек шығар» деді Бауыржан Омарұлы.

Белгілі қаламгер, ғалым, ҰҒА академигі Уәлихан Қалижанұлы Сейдахмет Бердіқұловпен «Жас Алаш» бірге істеген кезін еске алып, оның қаламгерлігі мен қайраткерлігіне тоқталды.

«Бердіқұлов идеяға бай адам болған. Оның тұла бойы идея еді. Жазушының жолжазбалары мен очерктері кезінде оқырман іздеп жүріп оқитын дүниелерге айналған. Сол себепті қазіргі журналистер Бердіқұловтың еңбектерін жата жастанып оқып, одан көп нәрсе үйренсе, қалың оқырманның ықыласына бөленіп,

нағыз майталман қаламгерге айналар еді» деді академик.

Оның сөзін жалғаған мемлекет және қоғам қайраткері, қаламгер, ғалым, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов Сейдахмет Бердіқұловтың қаламгерлігімен қоса қайраткерлігін, оның басшылық қызметін, редакторлығын жан-жақты әңгімелеп берді.

Сейдахмет Бердіқұловтың шәкірті, жазушы, журналист Несіп Жүнісбайұлы ұстазы қайталанбас тұлға болғанын, оны еліміздегі нөмір бірінші журналист санайтынын, Бердіқұловтың адами болмысын, журналистерге жанашырлығын, қамқорлығын айтып, ұстазымен бірге қызмет

еткен жылдарын, онымен бірге өткізген уақытын еске алды.

«Кешке үйге кетіп, таңертең жұмысқа келгенде бір идеяны тауып келеді. Бірден шақырып алып тапсырма беретін. Ол кісі журналистикада құдірет адам болды. Жазғандары қандай! Сол кезде «Лениншіл жас» газеті 300 мың тиражға жетті. Қазақ баспасөзінде ондай тиражға жеткен газет болған жоқ. Осының бәрі Сейдахмет ағаның керемет ұйымдастырушылық қасиеті еді. Ол кісі спорт журналисі ғана болды дегендер қателеседі. Спорт журналистикасы ол кісінің мың өнерінің бірі болды. Ол кісінің жазғандары қандай! «Түйігін» повесі қандай!» деді Несіп Жүнісбайұлы.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің туғанына 125 жыл толуына арналған «Темірбек Жүргенов – қазақ руханиятының жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел өтті. Осы атаумен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ



өтті. Соның аясында осы күнге дейін атқарылған, алда өтуі жоспарланған іс-шараларға тоқталды.

Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлі, жазушы, әдебиеттанушы, кинодраматург Айгүл Кемелбаева, философия ғылымдарының кандидаты, абайтанушы Асан Омаров, ақын, әнші, композитор Елена Әбдіхалықова, басқа қатысушылар да Темірбек Жүргеновтің қайраткерлік, қаламгерлік, азаматтық болмысы жайында ой бөлісті. Ел тарихында алар қоғамдық-саяси орнына, қаламгерлік мұрасына, жас ұрпаққа берер өнегесі туралы әңгімеледі. Тележурналист Майя Бекбаеваның «Темірбектің өмірі мен қазасы» деректі фильмі көрсетілді.

Жиынға белгілі Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, зиялы қауым өкілдері қатысты. Мәжілісті Темірбек Жүргенов атындағы қоғам-

дық қор төрағасы Сәпен Аңсап жүргізіп, 2023 жылды «Түрксай» халықаралық ұйымы түркі әлемі елдеріндегі Жүргенов жылы деп жариялағанын атап

АҚЫН МҰРАСЫ НАСИХАТТАЛДЫ



Биыл белгілі ақын, аудармашы, журналист Марфуға Бектемірованың туғанына 65 жыл, өмірден өткеніне 10 жыл толды. Осыған байланысты елордада оның мұрасына қатысты бірқатар іс-шара өтті. Атап айтқанда, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Қазақ лирикасы және Марфуға Бектемірова поэзиясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, ал қала мектептерінде ағарту апталығы ұйымдастырылды.

Жиынды Ресей Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары Геннадий Иванов, Қырғызстан Жазушылар одағының

төрағасы Нұрлан Қалыбеков, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры

Дәулеткерей Кәпұлы бастап берді. Одан кейін ғылыми баяндамалар тыңдалды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жаннат Аймұхамбет ақынның поэзиясы туралы әңгімелесе, филология ғылымдарының докторы Алмасбек Әбсадық туған жер тақырыбындағы өлеңдеріне тоқталды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Сәуле Тапанова шығармаларының тәрбиелік мәні туралы айтты. Филология ғылымдарының кандидаты Сәбит Жәмбек Марфуға Бектемірова поэзиясындағы көркемдік айшықтарын талдады. Қырғыз Республикасының Қарабаев атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Айда Эгембердиева өлеңдерінің сыршылдығына назар аударды. Ал филология ғылымдарының докторлары Әсима Ишанова мен Александр Бронин поэзиясындағы лейтмотивтер туралы әңгіме өрбітті.

Марфуға Бектемірованың шығармашылығына арналған ағарту апталығын Астана қаласы Білім басқармасы, қалалық Әдістемелік орталық ұйымдастырып, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Астана қалалық

филиалы қолдау көрсетті. Оның аясында қала мектептерінде әртүрлі шара өтті. Апталық әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында қорытындыланды. Оған Марфуға Бектемірованың жары, ақын, журналист Есенгелді Сүйінов, белгілі қаламгер Ораз Қауғабай, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Астана қалалық филиалының жауапты хатшысы Нәзира Бейсенбаева қатысты.

Есенгелді Сүйінов соңғы он жылда жарының мұрасын насихаттау барысында бірнеше кітап жарық көргенін, былтыр Астана қаласы әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауымен тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылып, шығармашылық кеш өткенін, естелік кітап жарық көргенін, биылғы қыркүйекте Ақмола облысы Шұчые қаласында Марфуға Бектемірованың атына бір көше берілгенін атап өтті. Осы шараларға атсалысқан азаматтарға, апталықты ұйымдастырғандарға алғыс айтты. Ораз Қауғабай ақын туралы естеліктерді жаңғыртты. Апталықта үздік көрінген оқушылар өнер көрсетіп, оларға және ұстаздарға, мектептер ұжымына алғыс хат тапсырылды.

Мемлекетіміздің қалыптасу, құрылу жолында ішкі, сыртқы саясатымызды дипломатиялық түрде шешуге және сол достық қарым-қатынасымызды әлемдік алпауыт мемлекеттердің алдында дәлелдеп, мемлекеттік салмағымызды нығайтып, елімізді тығырықтан алып шығатын жаңа жобалар мен реформалар қажет екені анық. Сол мақсатта бірталай жоба өз нәтижесін көрсетіп жатыр. Мысалы, сол «Болашақ» бағдарламасының өміршеңдігі мен қазақстандық жастардың шетелдік білім ошақтарында оқып, сол білімін Қазақстанның өркендеуі жолында сарп етуін алсақ жеткілікті. Қазірдің өзінде бұл бағдарлама арқылы 2023 жылда 328 жас грант иегері атанып, өз білімін шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында шындауда.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Жастар кадр резерві» жөніндегі ұлттық комиссия туралы ереже» 2019 жылы тамызда №141 Жарлықпен бекітілсе, негізгі мақсаты – Қазақстанның мемлекеттік құрылымын қалыптастырудағы жастар ресурсының маңызын айқындау. Сондықтан «Жастар кадр резерві» конкурсына мынадай басты шарттарды орындаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады:

Алдымен жасы 35-тен аспаған Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алады. Бұл түсінікті де, себебі адамның біліктілігі мен кәсібиілігінің шарықтау шегі осы жасқа сәйкес келеді.

Екінші шарт – жоғары білімнің болуы. Мемлекеттің мемлекеттілігі мен оның орнығы білікті кадрлардың әрекетіне тікелей байланысты. Ал жоғары білім сол мемлекеттің ішкі заңдарын жүзеге асырып, мемлекетті құраушы күштерді біріктіре алатындай деңгейде болғаны жөн. Демек, мұндай қызметке бару үшін жоғары білімді, білікті, белсенді болғаны дұрыс.

Келесі шарт «5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар» деп жазылған. Жас ерекшелігі бойынша 16-17 жасында орта білім мектепті бітіріп, ЖОО-ны 20-21 жасында бітірген маманның кәсіби еңбек өтілі жоқ болса, қазіргі заманда адамдармен тікелей қарым-қатынас орнататын икеміне байланысты тәжірибесі болмаса, әрине, ол мемлекеттің ішкі тәртібіне араласып, білікті қызмет атқаруы неғайбыл.

Ендігі маңызды шарттың бірі – мемлекеттік тілді білу деңгейі. Қазақстан Республикасының негізгі халқы қазақтар екені анық, сондықтан, заңымызда жазылғандай, мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Ғалымдардың айтуынша, мемлекеттің тұрақтылығы мен тыныштығын сақтаудың 5 факторы бар. Олар: жер (оның ішінде шекара), тарих (сол жердегі тұрғындарды біріктіретін күш), тіл, дін (мемлекеттің негізгі



ЖАС КАДРЛАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда мемлекет тарапынан стратегиялық мақсаты биік түрлі жобаларды іске асырып келеді. Соның бірі «Болашақ» бағдарламасы арқылы шетел асып, білім алып, елімізге қайтып келіп еңбек еткен білікті жастар жобасы екені анық.

ұстанымы, бізде зайырлы қоғам, дегенмен әр тұлғаның ресми бекітілген діннің біреуін ұстануына тыйым салынбаған) және діл (белгілі бір аумақ төңірегінде өмір сүруші тұрғындардың салт-дәстүрі, ырым-тыйымы). Осы тұста тілге қатысты мемлекеттік қызметке орналасушы азаматқа «мемлекеттік тілді В1 деңгейінде білетіндер қатыса алады» деп шарт қойылуын заңды деп танымыз. Себебі мұндай қызметтегі азамат қоғамның ішкі қарым-қатынасына тікелей араласушы, ҚР азаматтарымен тығыз қарым-қатынаста болып, сол қоғамның гүлдеуіне үлес қосушы болғаны абзал. Демек, ол мемлекеттік тілді ауызекі сөйлеу, ресми түсіндіру деңгейінде білгені жөн. Мұны екінші қырынан алып қарасақ, сол қызметкердің ісінің өнімді болуына да ықпалдасады. Себебі мемлекеттік тілді білу арқылы ол қоғам мүшелерімен ақпарат алмасып, пікірін тыңдап, мемлекеттік саясаттың нығаюына еңбек етеді.

Ендігі ретте өтініш бергендердің ішінен іріктеу кезінде келесідей талаптар ескеріледі. Құжаттарды қабылдауға қоса, ол азамат «Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті» болғаны дұрыс. Бұл қазіргі қоғамға аса қажет дағды екені айтпаса да түсінікті болар деп ойлаймыз. Ақпарат

ағыны жедел қарқынмен дамып, өзгеріп жатқан тұста оны сұрыптау, «fake» ақпаратты анықтау, оны халыққа шынайы ретімен дұрыс ұсына білу әр мемлекеттік қызметшінің мемлекеттің ішкі тұрақтылығы жолында қызмет етуіне көмектеседі.

Шетелдік ғалымдардың айтуынша, теориялық білімді оқып, түсіну дағдыларынан басқа (hard skills), икемді (soft skills) дағдылары қазіргі заманда аса қажет. Бұл қай салада болмасын ескерілуде. Мұндай дағдылар қарым-қатынас дағдылары: топпен (командада) жұмыс істей білу, өз ұстанымын дәлелдей түсіндіре білу. Демек, бұл жағдайда эмоционалды интеллект пен эмпатия сияқты, басқалардың сезімін түсіну және өз сезімін бақылау қабілеті жатыр.

Көптеген адам ақпараттың ағынына қарсы тұра алмай, өз уақытын дұрыс басқарып, зейінді тиімді ауыстыра алмай жатады. Ал бұл адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауда аса қажет. Себебі мемлекет ішінде кезек күттірмейтін жағдайлар мен жағдаяттар орын алғанда, дұрыс жоспар құра білетін мамандар алтынмен пара-пар. Әрі қазіргі заманауи ауыртпалық тудырып жатқан мәселенің бірі – күйзеліске төзімділіктің болу-болмауы. Адам өмірінің түрлі кезеңінде жедел бейімделу көбінесе



Мемлекеттің мемлекеттілігі мен оның орнығы білікті кадрлардың әрекетіне тікелей байланысты. Ал жоғары білім сол мемлекеттің ішкі заңдарын жүзеге асырып, мемлекетті құраушы күштерді біріктіре алатындай деңгейде болғаны жөн. Демек, мұндай қызметке бару үшін жоғары білімді, білікті, белсенді болғаны дұрыс

күйзеліссіз өтпейді, сол себепті адамның онымен күресу білуі, сонымен бірге жұмыс істей білу қабілеті бірінші орынға шықпақ. Ал шын мәнінде күйзеліске төзім болмаса, қандай жақсы маман болмасын, өз жұмысын ұзақ уақыт сапалы түрде орындай алмайды. Сондықтан мемлекеттік қызметке түру шартының келесісі – «Ситуациялық жағдаяттарды (есептерді) шешу». Бұл офлайн форматта іске асатын талап аса маңызды екені айтпаса да түсінікті деп санаймыз. Себебі нақты өмірде болған оқиғаларды біліп, талдамай, алдында өткен жағдайлармен танысып, оларды шешіп үйренбесе, ҚР азаматтарымен мемлекеттік қызметке кіруші адам нәтижелі еңбек етуі неғайбыл.

Одан кейін «Құзыреттерді бағалау; Сараптамалық комиссияда сұхбаттасу; Ұлттық комиссияның отырысы» сияқты шарттар бар. Бұл шараның көбі адалдық сақтау мақсатында Qaztest орталығындағы тест тапсырмалары мен тәуелсіз комиссия мүшелері арқылы бағалануда. Сайтта да мемлекеттік тілді меңгеру тестін қалай тапсыруға болатыны, жастар кадр резервіне іріктеу тәртібі, қатысу үшін өтінімдерді

Мемлекеттік қызметте меритократия, яғни төменнен жоғары лауазымға ауысу сипаты да нақтыланып, іске асуда. Себебі осы жылдан бастап «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» заңға өзгерістер енгізілген болатын. Осыған орай, агенттік төрағасы елордадағы Л.Гумилев атындағы ЕҰУ студенттерімен кездесуде ЖОО-ны GPA 3,33-пен бітірген түлектердің арасынан қазіргі кезде 78 азамат аудандық және ауылдық аймақтарда конкурсыз төменгі лауазымдарға тағайындалғанын айтып, агенттік «үміткерлерге онлайн және 24/7 режимінде конкурсқа қатысуға мүмкіндік беретін «Е-қызмет» жүйесі базасында мемлекеттік қызметке іріктеу процесін толық цифландыру бойынша жұмыс жүргізуде» екеніне баса назар аударды.

Болашақ ел қызметшілері адалдық сипатын осы мемлекеттің қызметке орналасу барысында сезініп, түсінуі үшін, келешекте өз қызметінде пайдалану үшін Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңестің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу тәртібі және «Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінде іске асырылып отырған пилоттық іріктеу жобасының мәселелері» қарастырылған болатын. Осы отырыста жаңаша үлгідегі қанатқатқы жобаның ерекшеліктері де қарастырылып, айтылған болатын. Ол ерекшелік – «үміткерлер кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінен онлайн режимінде бос лауазымдарға конкурстарға қатысуға мүмкіндігі» бар. Әрі ең бастысы адалдық сақталып, шынайылық болуы үшін «адам факторының әсерін болдырмау үшін кандидаттарға ID нөмірлері беріледі және осылайша олардың деректері иесіз болады». Демек, мемлекет қызметкерлері өз білігі мен саналы қабілетіне орай қызметке тағайындалады. Бұл мемлекеттің де гүлденуіне апаратын жол екені айқын.

Елімізде кадрларды даярлау, халыққа еңбек ету, жастарға мүмкіндік беру, табиғатымызды қорғау, т. б. жобалардың барлығының жалпы мүддесі мен мақсаты – мемлекет болашағының жарқын болуына, Қазақстан Республикасына адал және риясыз қызмет ететін, ұлттық құндылығымызды жоғары бағалай білетін, халықаралық дипломатия тәжірибесінде ел мүддесі мен саяси қарым-қатынастың артықшылығы мен кемшілігін кеңінен сезінетін жан-жақты стратег жастардың іріктелуі деп санаймыз.

ҚР Президентінің ел мүддесіне қызмет етуші жобаларын іске асыру мақсатында көптеген құзыретті органның қызмет ету үлгісі мен мақсаты өзгерді және сол өзгеріс біраз салада нақты нәтиже бере бастап, үдерісті өзгерістер іс жүзінде көзге көріне бастады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі қаншама жылдық еңбек өтілінде кадрлық резервтерді жұмысқа қабылдау барысында үнемі академиялық

адалдықты өзінің қызметтік міндеті ретінде ұстануда. Мемлекеттік қызметке тайындалған қызметкерлерді таңдауда ең әуелі елдің қамы мен мемлекет болашағы болу керек екені түсінікті. Сондықтан соңғы жылдары мемлекеттік маңызы артық деген білікті мамандар іріктелуде. Бұл бүгінде ел бірлігі сыңға түскен уақытта өз ұстанымы мен тұғырына берік қызмет ете білген адалдық пен ар тазалығы ретінде танырлық бағыт деп түсінеміз.

Гүлшира ШОЙТАНОВА,
Астана қаласы бойынша
Қазынашылық департаменті
персоналмен жұмыс істеу бөлімінің басшысы





«АРМАН АСУЛАРЫ» ШАҚЫРАДЫ

28 қараша күні Мәдениет және ақпарат министрлігі, Оқу-ағарту министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы ерекше қажеттіліктері бар дарынды балалар мен жастарға арналған «Арман асулары» атты II республикалық фестивалінің гала-концертін өткізеді.

Гала-концертте фестивальге қатысушылар Айжан Нұрмағамбетова, Салтанат Ахметова, Нұрболат Арзамас, Перизат Тұрарова, Бауыржан Бекмұханбетов, Азат Мәлік, Ербол Нариманұлы, Раим Уайс, Әлихан Дүйсенбай, Гүлнәр Көшенова, Әділхан Макин және «Меломен» тобы сынды танымал әртістерімен бірге өнер көрсетеді. Фестивальдің арнайы қонақтары – Алтыншаш Мұқатаева және Айбын Жұмабеков.

Белгілі режиссер әрі сценарист, «St.Art» әлеуметтік-мәдени қорының жетекшісі Станислав Цих және «Жұлдызай» халықаралық фестивалінің

жетекшісі Алмагүл Сәлімбаева фестивальге қатысушылар мен қонақтарға арнайы шеберлік сабағын өткізеді.

Фестивальге қатысушылар – еліміздің түкпір-түкпірінен, атап айтсақ, Атырау, Ақмола, Шымкент, Астана, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда, Ұлытау және Жетісу облыстарынан келетін республикалық, облыстық балалар байқаулары мен өнер фестивалдерінен оқ бойы оза шапқан талантты өнерпаздар. Биылғы фестивальге тек ерекше қажеттілігі бар балалар ғана емес, 35 жасқа дейінгі өнерлі жастар қатысуға мүмкіндік алды.

ЕЛДІК ПЕН БІРЛІК ЖЫРЫ

Бас қалада «Елім дегендер» республикалық байқауының қорытындысы шықты. Шара мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, халық бірлігін насихаттауға бағытталған. Байқауға әр өңірден 14-35 жас аралығындағы 120 этнос өкілдерінен құралған 300-ден астам үміткер қатысты.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің басқарма басшысы Бауыржан Мәстеков өз сөзінде мемлекеттік тіл қазіргі таңда азаматтық интеграцияның тиімді құралы және мәдени-рухани бірліктің тұлғасы ретінде әрекет ететінін атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша «Аспаптық өнер» аталымында Диана Фахрудинова, «Дәстүрлі ән» аталымында Асқар Күрешов, «Ақындық мүшәйра» аталымында Зухра Атажиева, «Көркемсіз өнері» аталымында Екатерина Марголина жеңімпаз атанды. Олар арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ТЫҢДАУШЫЛАР СПЕКТАКЛЬ ТАМАШАЛАДЫ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасына қарасты «Руханият» мемлекеттік мекемесінде қазақ тілі курсы дамыта оқып жатқан В1 деңгейіндегі тыңдаушылар Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрына барып, көрнекті жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» спектаклін тамашалады.

«Тыңдаушыларды театр сахнасына апарудағы басты мақсат – қазақ тілін тереңдете оқып жатқан тыңдаушылардың әдеби тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ақын-жазушылардың қазақ прозасына, поэзия әлеміне қосқан сүбелі үлесін насихаттау, сахнада актерлер шеберлігін көріп, оқыған дәрістері бойынша көріністер қоя білуге үйрету, шығармашылық қабілетін шыңдау» дейді осы көрсетілімді ұйымдастырушылар.

«Руханият» мекемесіндегілердің айтуынша, қазақ тілінің өркендеуіне өзіндік үлесін қосатын ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеу, ана тілімізді кіршіксіз сақтайтын, оны келешек ұрпағына мұра етіп қалдыра алатын, қазақ тілінің көсегесін көгертетін тыңдаушыларды дайындау да қаперге алынды.

Тыңдаушылар қазақ әдебиетіне түйдек-түйдек сөз оралымы мен соны теңеулерімен келген Оралхан Бөкейдің махаббаттың, романтиканың шебері екенін театр сахнасы



арқылы көзбен көріп, көңілге түйді. Кез келген шығармасы адамды тылсым оқиғаға, сезім әлеміне жетелеп отыратын жазушының «Ұйқым келмейді» әңгімесі өмірдегі адамзат

баласын ұстап тұратын негізгі күш махаббат екенін тағы да дәлелдеді. Тыңдаушылар спектакльді тамашалап, алдағы сабақтарға тың серпіліспен қатысатынын айтты.

ҰЛЫҚПАННЫҢ «АҚ ҚАНАТ АҚ ҚҰСЫ»

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында осы өнер ұжымының әншісі, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлықпан Жолдасовтың шығармашылығына 40 жыл толуына арналған «Ақ қанат ақ құсым» атты концерті өтті.

Концертте кеш иесінің «Жайна», «Сен, жаным», «Өмір-көктем», «Романтик», «Жұлдыздар», «Әдемім», «Білемін», «Сүйіктім», «Сенім», «Ұлы дала», басқа да шығармалары әуеледі.

Филармония сахнасында Ұлықпан Жолдасовтың өзі, белгілі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Илиясова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Алтынай Жорабаева, Қанат және Светлана Айтбаевтар, Арайлым Рахым, Естай Мұқашев, Гүлнұр Оразымбетова, белгілі әншілер Зарина Омарова, Фарид Жолдасова, Мұратбек Хайролда, Диана Май, Алтыншаш Мұқатаева, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Әкімхан Мәженов, Ақбота Құснадин, Айдын Жұмабай, Қымбат Жамбылбек, Парасат Отан және «JL» тобы, DJ DАKE өнер көрсетті.



ИРАННАН ӘКЕЛІНГЕН ҚҰЖАТТАР

Елордадағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында «Қазақ тарихы парсы және араб деректері негізінде» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстел мәжілісі өтті.

Шараның мақсаты отандық және шетелдік архивтерден, музейлерден, кітапханалардан және ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша құжаттар мен материалдардың көшірмелерін анықтау және ғылыми іздеу-зерттеу жұмыстарын көпшілікке таныстыру болды.

Қазір Ұлттық орталықтың ғылыми қызметкерлері «Архив-2025» жобасы негізінде Иран Ислам Республикасынан ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты маңызды құжаттар әкеліп,

зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Осы іссапар аясында әкелінген құжаттар мен реставрация саласындағы мәселелер талқыланды.

Жыныға Қазақстандағы Иран Ислам Республикасы елшісінің кеңесшісі және мәдени өкілдігінің басшысы Али Акбар Талеби Матин, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары, парсы, араб тілдерінің мамандары, докторанттар мен магистранттар, студенттер қатысты.